


## **М.Тынышбаев атындағы Ақтау ALT көлік колледжі» ЖШС**

**Бекітемін**  
«М.Тынышбаев атындағы  
Ақтау А.Т. Екілік колледжі»  
ЖШС директоры  
Н.Д.Бертаев  
  
«21 08 2025 ж.  
БСН 091140003571

### **2025-2026 оқу жылына арналған кітапхана ЖОСПАРЫ**

**Келісілді**  
Директордың тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасары А.Б.Байсейтова  
«29» 08 2025 ж.  


**Енгізген**  
Кітапхана менгерушісі  
Б.Е.Ералы  
«28» 08 2025 ж.

## **ҚҰРЫЛЫМЫ**

1. КІРІСПЕ	3
2. ТӘРБИЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ	4-6
3. КІТАПХАНА ЖОСПАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	7-14
4. МАМАНДАРДЫҢ САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ	15

## КІРІСПЕ

Қазіргі әлемге өзгерістер, жаһандық тұрақсыздық, әртүрлі сын қатерлер тән. Бұл ақпарат кеңістігінде еркін таралып, әлеуметтік желілер арқылы балалардың санасын жаулауда. Интернет кеңістігі баланың тәрбиесі мен мінез-құлқына, әдебіне әсер етіп, түрлі субмәдениеттердің белгілі бір басымдыққа ие болуына әкеп сокты. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы жариялаған мәліметтерге назар аударсақ, кәмелетке толмағандар арасында ұрлықтың, зорлау және зорлауға оқталу фактілерінің артып келе жатқандығын байқауға болады.

Аталған проблемалардың туындауына ықпал ететін көптеген себептер мен салдарлар бар. Мысалы, Интернеттің ашықтығы, кез келген ақпараттың жылдам таралуы, бала қарайтын видео контенттердің фильтрлерден өткізілмеуі, ата-аналардың жұмыс пен отбасылық өмір арасындағы үйлесімділік пен тепе-тендікті сақтамауы бала тәрбиесіндегі жүргенсіздіктің орын алуына ықпал етті. Осындағы сын-катерлерді түбірімен жою мүмкін емес, дегенмен оған тосқауыл болу қажет. Сол себепті ұлттық құндылықтарды бойына сінірген, ұлттық мұддені жоғары қоятын, өзінің туған жерін, Отаның қадірлейтін және оның әрі қарай дамуына серпін беретін, терең білімді, озық ойлы, адал және ұлттық болмысы айқын тұлға тәрбиелеу мәселесі өзекті.

Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады. Ал, қазіргі уақыт – өзгермелі әлемдегі жасампаз ұрпақтың дәуірі. Ұлттық құндылықтармен сусындал өскен ұрпақ ұлагатты болмақ. Ұлагатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды. Ал ар-ұят, намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, әдептілік пен инабаттылық, мейірімділік пен бауырмалдық, отбасына сүйіспеншілдік, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болу қасиеттері берік қалыптасқан жасампаз азаматты тәрбиелеу маңызды. Еліміздің өркендеп дамуы үшін халқын сүйеттін, мемлекет мұддесін жоғары ұстайтын, білімді де адаптациялық тәрбиелеу аса өзекті мәселелердің бірі ретінде үнемі назарда ұстауды қажет етеді.

Аталған мәселелерді шешуде тәрбие мазмұнын айқындау «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірлеудің өзектілігіне негіз болды. Бағдарламада ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті қоғам құруға қабілетті білімді, адаптациялық тәрбиелеуді көздейді.

## **ТӘРБИЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ**

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірде бекіткен № 227 бұйрығын негізге ала отырып, кітапхана алдына мынадай мақсат қойылды:

**Мақсаты:** Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген ұрпақ тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсietін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел біrlігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке, бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығы және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбеккорлыққа баулу.

### **Тәрбие құндылықтары**

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының үш бағыт арқылы етеді.

1. Ұлттық мудде
2. Ар-ұят
3. Талап

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабактан тыс және бос уақытта іске асырылады. Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

### **Бірінші бағыт – Ұлттық мудде (мемлекетшілдік)**

1. Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл.
2. Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді.
3. Елінің тарихын құрметтейді.
4. Ұлттық миравы, мәдениетті дәріптейді.
5. Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары бағалайды.

### **Екінші бағыт – Ар-ұят**

1. Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды.
2. Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады.
3. Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды.
4. Достарын, сыныптастарын сыйлайды.
5. Кішіге ізет, ұлkenge күрмет көрсетеді.

### **Үшінші бағыт – Талап**

1. Жан мен тән тазалығын сақтайды.
2. Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді.
3. Қоршаган орта тазалығын сақтайды.
4. Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық.
5. Ізденимпаз, жасампаз тұлға.

Жастық кезең адам өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Жедел шешімдер қабылдан, тәуекелдерге барудан қорықпайды, албырт болады. Болашағы туралы ойланып, тәуелсіз шешім қабылдауға бейім.

### **Ұсынымдар:**

- Жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастырын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адаптацияның қызмет етуге, қоғам итілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, сауаттылық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- Ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- Ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәрілтеуге айрықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәрілтеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыру бағытталған шаралар үйімдастыру;
- Отбасы құндылықтарын дәрілтеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- Адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын күрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

XXI ғасыр мемлекеттің талапты, дарынды, білімге құштар, еліміздің ертеңгі тізгінің ұстар жастарға сапалы, қолжетімді білім беру мақсатында кітапхана қорын мемлекеттік және басқа тілдердегі әдебиеттермен, электрондық оқулықтармен кітапхана қорын толықтыру.

Колледж студенттерімен оқытушылардың, қызметкерлердің сұраныстарын, талап-тілектерін қанағаттандыру.

Оқырмандарды әлемдік ақпараттармен қамтамасыз ету, компьютер санын көбейту.

Мақсаттарды орындау жолында мынадай міндеттерді іске асыру керек:

- КР Президентінің жолдауларын, бағдарламаларын, еңбектері мен жарлықтарын оқырман көпшілік қауымға үнемі таныстырып, насиҳаттау (көрме жасактау, таныстыру, талдау);
- оқырмандарды әлемдік ақпарат қорларын пайдалануын қамтамасыз ету (интернет желісінде);
- кітап қорын толықтыруды бөлімше мұғалімдерінің ұсыныстарын ескеру, оқырмандарды жаңа әдебиеттермен, электрондық оқулыктармен толықтыруды дамыту;
- мерекелік шараларға, бөлімшелер апталығына қатысу, атаулы күндерге, жаңа түскен басылымдарға шолу жасау, ұсыныс тізімдерін жасау, кітап көрмелерін, кездесу кешін, дөңгелек стол ұйымдастыру;
- кітап қорындағы әдебиеттердің сақталуын, орналасуын тексеру, жөндеу, ай сайын тазалық күндерін өткізу;
- оқырмандарды кітапханаға тарту, тіркеу (кітапхана ережесімен таныстыру, абонемент, оку залына саяхат жасау, каталогты пайдалану жолдарын түсіндіру);
- республикалық, облыстық, жергілікті мерзімді басылымдарға жазылу.

### Кітапхана жоспарының құрылымы

<b>Жоспарланған жұмыс түрлері</b>	<b>Мерзімі/ жауаптылар</b>	<b>Қайда талқыланады</b>	<b>Қорытынды нысаны</b>
<b>Жыл бойы</b>			
1. Кітапхана қорының қалыптасуы			
Басылымдармен толықтыру. Оның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> <li>- ғылыми әдебиет</li> <li>- қазақ тілінде</li> <li>- орыс тілінде</li> <li>- оқулықтар (жалпы білім беру) - 1190</li> <li>- қазақ тілінде - 1065</li> <li>- орыс тілінде - 125</li> <li>- темір жол, су, құбыр көлігі мен коммуникациялар салалары бойынша - 150</li> <li>- Мұнай мен газды сактау және тасымалдау - 50</li> <li>- газет-журналдар - 22</li> </ul>	Ералы Б.Е.	Кітапхана	Кітапхана қорына жаңартылған жалпы білім беру пәндері бойынша 1190 дана кітаппен толықтыруға үсыныс ұсындық
Жаңа басылымдарды қызметтік каталогпен тексеру	Ералы Б.Е.	Кітапхана	Басылымдарды жүйелуе: 1.Кітап 2.Арнаулы түрлері (стандарттар, т.б.)
Электрондық каталогқа жаңа басылымдарды енгізу	Ералы Б.Е.	Кітапхана	Кітаптер мен электрондық басылымдарды енгізу
Карточкаларды шығару	Ералы Б.Е.	Кітапхана	Есептен шығарылған оқулықтардың карточкаларын каталогтан шығару
Каталогтарды редакциялау (карточка)	Ералы Б.Е.	Кітапхана	1.Қызметтік каталог 2.Әріптік каталог 3.Жүйелік каталог
Карточкаларды каталогқа қудо: <ul style="list-style-type: none"> <li>- қызметтік каталог</li> <li>- әріптік каталог</li> </ul>	Ералы Б.Е.	Кітапхана	Жаңа әдебиеттерді қабылдау, оны бөлімдерге бөлу, негізгі қорға орналастыру. Басылымдардың жүйелік, реттік сақталуын,

- жүйелік каталог			әдебиеттерді үнемі қадағалау. Әр айдың соңғы жұмасында тазалық күнін өткізу
<b>Мамыр-маусым</b>			
Оқырмандар жоғалтқан және оның орнына алынған әдебиеттерді қабылдау	Ералы Б.Е.	Кітапхана	Басылымға зиян келтірген немесе жоғалтқан оқырман оны дәл осындай басылыммен не оның көшірмесімен немесе кітапхана соған тең деп тапқан басқа да басылыммен ауыстырады, ал ауыстыра алмаған жағдайда басылымның нақты 10 еселенген нарықтық күнін төлейді
Карыз оқырмандармен жұмыс	Ералы Б.Е.	Кітапхана	Оқырмандардың оқулықтарды уақыттылы тапсыруын қадағалау
Басылымдарды түптеу	Ералы Б.Е.	Кітапхана	Кітаптарды жаңартып түптеу
<b>Қазан-қараша</b>			
Басылымдарды есептен шығару	Ералы Б.Е.	Кітапхана	Мазмұны ескірген оқулықтарды есептен шығару
1. Ақтау ALT көлік колледжінің профессорлар, мұғалімдер, студенттер т.б. құрамдағы оқырмандар талап-тілектерін қанағаттандыру, ақпараттық, анықтама-библиографиялық қызметпен қамту			
<b>Қыркүйек-желтоқсан</b>			
Оқырмандарды кітапханага тіркеу	Ералы Б.Е.	Кітапхана	- күндізгі бөлім (оку залы, абонемент) - оқытушылар, қызметкерлер т.б.
<b>Жыл бойы</b>			
Оқырмандарға бөлім бойынша қызмет көрсету	Ералы Б.Е.	Кітапхана	- абонемент - оку залы
<b>Маусым-тамыз</b>			
Бітіруші студенттермен жұмыс	Ералы Б.Е.	Кітапхана	Шығу бетшесін толтыру
<b>Жыл бойы</b>			
Библиографиялық анықтамаларды орындау	Ералы Б.Е.	Кітапхана	Тақырыптық фактографиялық
<b>Жыл бойы</b>			
Кітап көрмелерімен іс-шара өткізу	Ералы Б.Е.	Оку залы	- «Президент Жолдауы – баршамызға» - «Дәуірдің жарық жұлдызы» - «Тәуелсіз Қазақстан» - «Маңғыстау – маңғаз мекенім» - «Тасымалдау» - «Темір жол көлігі»

- «Автомобиль көлігі»

### Қыркүйек

Көрме: «Заңым - заңғарым» (30 тамыз – Конституция күні)	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Ата Заңың бағасын білу, студенттерді еліміздің басты құжатын құрметтеуге және адамның - ең қымбат қазына екендігін, оның өмірімен, құқықтарымен таныстыру
Ашық есік күні	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Студенттерді кітапханамен кітапхана ережесімен таныстыру
Көрме: «Тілі бірдің тілегі бір» (5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күні)	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Студенттерге мемлекеттік тіл саясатын насиҳаттау, тіл саясатының тарихи кезеңдері туралы мол мағлұмат беру
Көрме: «Ана – бақыт, ана - күн» (Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Ана күні деп белгіленді.)	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Бұл мереке әр елде әр уақытта тойланады. Бұл күн 2012 жылдан бастап, Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен қыркүйектің үшінші жексенбісі күні тойланатын болды. Бұл күні аналарды құттықтап, құрметтейді
Дөңгелек үстел: «Дін және жастар» (Терроризмге қарсы құрпес) (Дін өкілдерімен кездесу)	Ералы Б.Е. Сураншиева М.А.	Оқу залы	Студенттерге ислам діні туралы ғылыми көзқарастарын қалыптастырып, қоғамдағы ислам дінін жамылған және өзге діндердің ұстанымдарының бағытына түсіп кетуден сақтануға үйрету
<b>Қазан</b>			
Көрме: «Ұстазым, менің ұстазым!» (Ардагер ұстаздармен кездесу)	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтай отырып, ардагер ұстаздарға қошемет көрсету, ұстазды сыйлау, қадірлей білуге тәрбиелеу
Әдеби кеш: «Аскар Тоқмағамбетовтың шығармашылығы» (Ақын, жазушы тұганына 120 жыл)	Ералы Б.Е. Жұмағалиева Н.К.	Оқу залы	Автордың өмірі мен шығармашылығын менгерту. Қазақ поэзиясына мағыналы әңгімелер мен мысалдарды жазуды мақсат еткен туындыларының идеялық мазмұнын ұғындыру

Дөңгелек үстел: «Қазақстан еліне саяхат» (25 қазан Республика күні)	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Студенттерді тұған жерін, елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - тұған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту
<b>Қараша</b>			
Дөңгелек үстел: «Ұлттық теңге мәртебесі» (15 қараша - ұлттық валюта күні)	Ералы Б.Е. Бактыбаева Ш.К.	Оқу залы	Ұлттық валютамыз теңгенің даму тарихын және теңгенің маңыздылығын кеңінен насхаттау
Дөңгелек үстел: «Темекі тартқаның – өзінді күртқаның» (Дәрігермен кездесу)	Ералы Б.Е. Сураншиева М.А.	Оқу залы	Студенттерді зиянды әдептерден бойын аулақ ұстауға, салауатты өмір салтын сактауға, темекі шегудің деңсаулыққа қауіпті екендігі туралы мағлumat беру
Тарихи-танымдық сағат: «Қазақтың ұлы ғалымы» (Этнограф-тарихшы, зерттеуші- ғалым Шоқан Уәлихановтың тұғанына 190 жыл)	Ералы Б.Е. Ибраева А.А.	Оқу залы	Отансүйгіштік, ұлттық сезімді дамыта отырып, Отанды Шоқанша сүюге, ізденімпаздыққа, білімге құштарлығын арттыру
<b>Желтоқсан</b>			
Дөңгелек үстел: «СПИД – ғасыр дерті» (ЖҚТҚ) Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының қызметкері Мустафина Маржан Сұлтанқызының кеңесін тындау	Ералы Б.Е. Сураншиева М.А.	Оқу залы	Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі СПИД дертінің алдын - алу, оның жүргү жолдарын одан сақтана, қорғана білу туралы түсіндіру
Дөңгелек үстел: «Менің құқығым» (10 желтоқсан Халықаралық адам құқықтары күн)	Ералы Б.Е. Қыдыр М.Қ.	Оқу залы	Мемлекеттің басты байлығы қашанда ең бірінші оның халқы болып қала бермек. Әсіресе, адамдар құқығы міндетті түрде заңмен қорғалуы тиіс
Дөңгелек үстел: «Тәуелсіз Қазақстан» (Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 34 жыл)	Ералы Б.Е. Ибраева А.А. Кенжекен Б.Б.	Оқу залы	Егеменді еліміздің тәуелсіздігін насхаттау

Тарихи-тәнүмдүк сағат: «Аңыз адам – Бауыржан Момышұлы» (Жазушы, ЕДС ардагері, Совет Одағының Батыры, «Халық қаһарманы» Бауыржан Момышұлының тұғанына 115 жыл.)	Ералы Б.Е. Ибраева А.А.	Оқу залы	Б.Момышұлының өмірін үлгі ету, өз халқының патриоттарын құрметтеуге баулу
<b>Қантар</b>			
Дәңгелек үстел: «Имандылық жарасады үл-қызыға» (Дін өкілдерімен кездесу)	Ералы Б.Е. Сураншиева М.А.	Оқу залы	Студенттерді адамгершілікке, имандылыққа, парасаттылыққа, біліктілікке тәрбиелеу
Дәңгелек үстел: «Нашақорлық - өлім тұзагы» (Дәрігер-наркологпен кездесу)	Ералы Б.Е. Сураншиева М.А.	Оқу залы	Фасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты менгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шакыру
Әдеби кеш: «Алаштың асылы» (Казактың мемлекет қайраткері. Алаш партиясының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Ә. Бекейханның тұғанына 160 жыл)	Ералы Б.Е. Мирасова А.М.	Оқу залы	Ә. Бекейханның өмірі мен еңбек жолын, шығармаларымен таныстыра отырып, студенттердің әдебиетке деген сезімін оятып, дүниетанымын дамыту
<b>Ақпан</b>			
Әдеби кеш: «Ұлт мактанышы - Ж.Жабаев» (Казақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевқа 180 жыл)	Ералы Б.Е. Жұмағалиева Н.К.	Оқу залы	Ж. Жабаевтың өмір жолы, ақындық қызметі, шығармашылығынан мәлімет беру. Ақынның суырыпсалмалық қыры, айтыс өнеріндегі өзіндік өрнегін таныту, толғауларын үлгі ету
Дәңгелек үстел: «Денсаулық – зор байлық» (Тұмау және ЖРВИ-дің алдын алу). (Дәрігермен кездесу)	Ералы Б.Е. Сураншиева М.А.	Оқу залы	Тұмау ауруы жөнінде ақпарат беру, және оның алдын алу жолдарымен таныстыру
Көрме: «14 ақпан Халықаралық кітап сыйлау күні 2012 жылдан бастап жыл	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Халықаралық кітап сыйлау күні 2012 жылдан бастап жыл

сыйлау күні»			
сайын 14 акпанда атальып өтеді. Мақсаты – кітаптың құдіретін арттырып, окуға деген сүйіспеншілікті ояту. Бұл халықаралық мерекенің бастамасы АҚШ-тың «балалар кітабы» сайтының негізін қалаушы, үш баланың анасы Эмми Бродмур			
<b>Наурыз</b>			
Көрме: «1 наурыз Алғыс айту күні» (Президент жарлығымен белгіленген Алғыс айту күнін 2016 ж. 1 наурызда барша Қазақстан халқы тұнғыш рет мерекеледі.)	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Бұл күн ұлт пен ұлысты жақындастыратын мереке ретіндегі ҚР Үкіметінің 2017 ж. 31 қазандагы № 689 қаулысымен бекітілген ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2017. – № 53. – 343–к.
Көрме: «8 наурыз Халықаралық әйелдер күні» (Маңғыстаудың атақты ханымдары)	Ералы Б.Е.	Оқу залы	8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай көрме жасақтау
Поэзия кеші: «Сезімге сұлу ырғалған» (21 наурыз Дүниежүзілік поэзия күні)	Ералы Б.Е.	Оқу залы	ЮНЕСКО Бас конференциясының 1999 жылдың 30-ыншы сессиясында наурыздың 21-де Дүниежүзілік поэзия күнін атап өту туралы шешім қабылданды. Дүниежүзілік Поэзия күні тұнғыш рет ЮНЕСКО-ның штаб-пәтері орналасқан Парижде атап өтілді.
<b>Сәуір</b>			
Дәңгелек үстел: «Темекі тартқаның – өзінді құртқаның» (Дәрігермен кездесу)	Ералы Б.Е. Сураншиева М.А.	Оқу залы	Студенттерді зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға, салауатты өмір салтын сақтауға, темекі шегудің денсаулыққа қауіпті екендігі туралы мағлұмат беру
Әдеби кеш: «F.Мұсіреповтың өмірі мен шығармашылығы» (Қазақтың халық жазушысы, драматург, сыншы, мемлекет және қоғам қайраткері Ғабит Махмутұлы	Ералы Б.Е. Мирасова А.М.	Оқу залы	Студенттерге Ғабит Мұсіреповтың еңбектерін таныстыру, ізгілік қасиетке толы шығармалары арқылы білімдерін шындау

<b>Мұсіреповтың тұғанына 125 ж.)</b>			
Көрме: «Бір шаңырақ астында» (1 мамыр – Халықаралық бірлік күні)	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Халықтар арасындағы достықты нығайту, студенттердің бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату
<b>Мамыр</b>			
Көрме: «Ер елінің қорғаны» (7 мамыр – Отан қоғаушылар күні)	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Студенттерді отан қорғауға, батыл да ержүрек болуга баулу. Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің потриоты болуга тәрбиелеу
Көрме: «Ұлы жеңіс жасасын!» (9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай)	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Студенттерді Ұлы Отан соғысымен және қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстыру, үлкен адамдарды сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу
Көрме: «Жазықсыз құрбандар» (31 мамыр Саяси құғын-сүргін қурбандарын еске алу күні)	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Студенттерді елжандылық сезімін қалыптастыра отырып, тұған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, тіліміз бен тарихымызға құрметпен қарауға тәрбиелеу
<b>Маусым</b>			
Ашық дискуссия: «Реміздерім - мактандышым» (4 маусым – Қазақстан Республикасының реміздер күні)	Ералы Б.Е. Кенжекен Б.Б.	Оқу залы	Студенттердің аса маңызды, мемлекеттік белгілер – реміздер жөніндегі білімдерін жан-жақты сарапқа салу, оларға мемлекеттік белгілердің аса маңызды екенін ұғындыру, оны ерекше құрметтеп, мактан тұту керектігін ашып көрсету
«Талапкер 2026»	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Талапкер балаларға кітапханамен кітапхана жұмысымен және кітаптармен таныстыру
<b>Жыл бойы</b>			
Кітапханаға саяхат: «Қ.Сыдықов атындағы облыстық әмбебап кітапхана»	Ералы Б.Е. Топ жетекшісі	Облыстық қітапхана	1 курс студенттерін кітапханамен таныстыру мақсатында Қ.Сыдықов атындағы облыстық әмбебап кітапханасына экскурсия жасалды. Экскурсия барысында студенттер кітапхананың құрылымы және кітапхананы пайдалану ережесімен танысты.
<b>Қыркүйек</b>			

Ашық есік күні	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Бірінші курс студенттерін кітапханамен және кітапхана ережесімен таныстыру
Каталогтар туралы түсіндіру	Ералы Б.Е.	Оқу залы	Студенттерге каталогты қалай қолдану керектігін көрсету және түсіндіру

**Мамандардың сандық және сапалық құрамы**

Аты-жөні	Қызметі	Ғылыми атағы	Жұмыс отілі, барлығы	Ақтау АІТ көлік колледжінде жұмыс отілі
Ералы Б.Е.	Кітапхана менгерушісі	-	18	8 жыл

Кітапхана менгерушісі



Б.Е. Ералы